**БЕКІТЕМІН**
Колледж директоры
________ Д.Б. Басенов
«11» ақпан 2025 жыл

# «XXI ғасырдағы ұ л т т ы қ с а н а және білім беру: заманауи педагогтің көзқарасы» тақырыбындағы педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу туралы ЕРЕЖЕ

## 1.Жалпы ереже

**1.1.Педагогикалық оқулар** — *алдыңғы қатарлы тәжірибеге жинақталған білім беру процесінің тиімділігіне әсер ететін теориялық және практикалық материалдарды жинақтау және жалпылау бойынша педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметін ынталандыруға жағдай жасауға бағытталған педагогтердің қарым-қатынас нысаны.*

1.2. Педагогикалық оқуларды өткізу педагогикалық ғылым мен практиканың бірігуіне, білім беру жүйесіндегі инновациялық қызметтің нысаналарының дамуына, педагогтердің инновациялық мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

1.3. Педагогикалық оқуларын ұйымдастырушы – *Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі.*

1.5. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның құрамы білім беру басшысының бұйрықтарымен анықталады.

1.6. Түскен жұмыстарға сараптама мен бағалау жүргізу мақсатында әдіскерлер, директордың оқу-ісі жұмысы жөніндегі орынбасарынан тұратын сараптау кеңесі құрылады.

## 2.Педагогикалық оқулардың мақсаты мен міндеттері:

**Мақсаты:** Педагогтар арасында кәсіби шығармашылық қарым-қатынас орнату, тиімді инновациялық педагогикалық тәжірибемен бөлісу, озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және анықтау үшін арнайы алаң құру.

**Міндеттері:**

- ✓ педагогикалык бастамалар мен инновацияльқ қызметті қолдау;
- ✓ озық педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және анықтау;
- ✓ кәсіби байланыс аймағын кеңейту;
- ✓ жеке жұмыс тажірибесін жалпылау арқылы оқытушылардың рефлексиялық қабілеттерін дамыту.

### 2.1.Педагогикалық оқуларды өткізу мақсаты:

Колледжіміздің оқытушыларының педагогикалық шеберлігін арттыру, үздік инновациялық педагогикалық тәжірибелерді айқындау және тарату.

## 3. Педагогикалық оқулар жұмысының мазмұны мен нысандары:

3.1. Педагогикалық оқулар жұмысының мазмұны «Білім туралы» Заңға және Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың басым бағыттарына сәйкес анықталады.

3.2. Педагогикалық оқулардың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін:

- пленарлық отырыстар мен секциялық жұмыстарды ұйымдастыру;
- педагогикалық идеялар аукционының таныстырылымдары көзделеді.

3.3**. Педагогикалық оқулардың басым бағыттары:**

**- «Тіл және әдебиет» пән оқытушылары үшін:**

- ✓ «Тілдік пәндер сабақтарында коммуникативтік тәсіл шеңберінде функционалдқ сауаттылықты дамыту».
- ✓ «Тілдерді оқытудағы онлайн ресурстар мен қолданбалардың тиімділігін талдау».
- ✓ «Жасанды интеллект технологияларын қолдана отырып қазақ/орыс/ағылшын тілдерінің интеракгивті сабақтарын қарау».
- ✓ «Шет тілдерін оқытуда жасанды интеллектті қолдану: жаңа әдістер мен тәсілдер».
- ✓ «Білім алушылардың жазбаша жұмысын талдау және бағалау үшін жасанды интеллектті пайдалану».
- ✓ «Білім алушылардың аналитикалык дағдыларын қалыптастырудағы оқу сауаттылығының рөлі».

«Оқуға деген ынтаны арттыру: заманауи тәсілдер мен тәжірибелер».

**-«Математика және информатика» пән оқытушылары үшін:**

«Математикалық сауаттылықты тиімдірек қалыптастыруды қамтамассыз ету үшін оқу процесін білім алушылардың әртүрлі стильдері мен деңгейлеріне бейімдеу әдістері».

«Информатиканы оқытудағы жасанды интеллект технологияларының интеграциясы».

**«Жаратылыстану» пән оқытушылары үшін:**

«Білім беру процесінде STEM/STEAM технологияларын колдану: теориядан практикаға».

«Физика, химия, биология және географияны оқытудағы цифрлық интеграция».

«Жасанды интеллект көмегімен физика/химня/биология/география бойынша оқу материалдарын әзірлеу».

**«Қоғамдық және экономикалық » пән оқытушылары үшін:**

«Қазақстан тарихы,Дүниежүзі тарихын оқытудың интерактивті дәрістері: стандартты сабақтардан виртуалды экскурсияларға дейін».

«Қоғамдық пәндер бойынша білім беру контентін құрудағы жасанды интеллект».

«Жасанды интеллект объективі арқылы қоғамдық-экономикалық пәндерді оқытудағы инновациялык технологиялар».

**«Дене шынықтыру және Бастапқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерінің оқытушылары үшін:**

«Физикалық белсенділік арқылы топтық жұмыс пен көшбасшылық дағдыларын қалыптастыру».

«Әскери өмірдегі Қазақстандық патриотизм мен азаматгық құндылықтардың өзектілігі».
**Арнайы пән оқытушылары**:
-«ТжКБ білім алушыларын даярлау сапасын арттыру үшін цифрльқ білім беру ортасын қалыптастыру»;
-«Жасанды интеллект көмегімен арнайы пәндер бойынша оқу материалдарын әзірлеу».

**4. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі**

4.1. Педагогиқалық оқулар кезең-кезеңмен өткізіледі:

- колледж ішінде – **2025 жылдың 6 наурызына** дейін;
- жеңімпаздардың жұмысын қалалық Педагогикалық оқуларға жолдау.

4.2. Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу үшін колледжде ұйымдастыру комитеті құрылады. Оның құрамы колледж ұйымдастыру комитетінің төрағасымен анықталады.

4.3. Педагогикалық оқуларды өткізу жөніндегі колледждің ұйымдастыру комитеті Педагогикалық оқуларды дайындап, өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын жасайды, сараптама кеңесінің жұмысын қамтамасыз етеді.

**5. Педагогикалық оқуларға қатысу тәртібі:**

5.1. Педагогикалық оқуларға колледждің барлық штаттық оқытушылары қатыса алады.Жас жағынан шектеу жоқ.

5.2. Педагогикалық оқуларға қатысушылар жеке орындалған жұмыстарды, содай-ақ авторлық ұжым (2 педагог) орындаған жұмыстарды да ұсына алады.

5.3. Педагогикалық оқулардың басым бағыттарына сәйкес қатысушылар жұмыстарын: баяндама, инновациялық жоба; авторлық бағдарлама; білім беру ұйымын дамыту бағдарламасы және басқалар түрінде ұсына алады.

5.4. Педагогикалық оқуларды өткізу форматы – **тікелей қатысу.** Автордың баяндамасы **Power Point, Prezi.com.**,**Canvas**,**Keynote** ( **Mac** пайдаланушылары үшін) форматында презентациямен сүйемелденуі тиіс,таныстырылыммен бірге **7 слайдтан** аспау керек.

5.5. Қатысушының сөз сөйлеу ұзақтығы-**7 минут**,талқылау-**3 минут**

5.6. Материалдар талаптарға сәйкес рәсімделуі тиіс.(ереженің 6.2 пункті)

5.5. Колледжішілік Педагогикалық оқуларды ұйымдастырушылары **2025 жылдың 15 ақпанына дейін** kala3@mail.ru электрондық поштасына қатысушылардың ұсынымын (№1 қосымша) және 25 ақпанға дейін баяндамаларын (MS Word) «Педагогикалық оқулар-2025» белгісімен қабылдайды.

5.6.Конкурстық материалдарды қараудың ***1-ші кезеңі 2025 жылдың 3-ші наурызында*** әділқазылар отырысында қаралады.Осы кезеңнен өткендер **2*-ші кезең 2025 жылдың 6-шы наурызында өз тақырыптарын ашық түрде қорғайды.***

**6. Ұсынылатын материалдарды бағалау өлшемшарттары:**

1. Жоба мазмұнының Педагогикалық оқулар бағыттарына сәйкестігі;
2. Жұмыс тақырыбының өзектілігі, ҚР білім беру жүйесін дамытудың басымдықтарына сәйкестігі;

3. Мәселені мазмұнды және нақты қою;
4. Тақырыптың өзектілігін негіздеу, зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі;
5. Ғылыми машықта баяндалуы;
6. Жоба идеясының өзіндік ерекшеліктері
7. Жаңашылдығы.
8. Материалды ұсыну қисындылығы және бірізділігі.
9. Іс жүзінде жүзеге асырылу деңгейі, нәтижеліліктің, рефлексияның болуы.
10. Әлеуметтік мәнділігі.

Өлшемдердің әрқайсысы бойынша 1-**ден 3 баллға** дейін (әзірленді,бірақ іске асырылмаса -**1 балл**, жартылай іске асырылса - **2 балл**, толықтай іске асырылса - **3 балл**) қойылады.

Баяндамашының таныстырылымдық құзырет деңгейі жеке бағаланады – ең жоғарысы - **3 балл**.

Балдардың ең жоғары саны – **33.**

***Ескертпе.*** *Таныстырылым үшін қатысушыларға мультимедиялық жабдықтар кешені беріледі (ноутбук, мультимедиалық проектор,интербелсенді тақта).*

**6.2. Ұсынылған жұмыстың рәсімделуіне қойылатын талаптар:**

1.Файлдың аты педагогикалық оқулардың жұмыс бағыты мен мақаланың бірінші авторының аты-жөнімен таңбаланады,мысалы : «Тарих пәні-Бексұлтанова.doc.» т.с.с.

2.Мақаланың көлемі **5 парақтан** аспауы керек.

- ✓ шрифт Times New Roman,
- ✓ өлшемі — 14;
- ✓ бет бағдары — кітаптық;
- ✓ жол аралығы — бірлік;
- ✓ абзацтық шегініс - 1 см;
- ✓ азат жолдар: жоғарғы жағынан - 2 см, төменгі жағынан - 2 см, сол жағынан 2 см, оң жағынан - 2 см.
- ✓ бет саны ***нөмірлеу***.

3.Бірінші бетінде келесі ақпараттар болуы керек: беттің ортасында-**қою бас әріптермен** жұмыс атауы жазылады.Келесі жолда (*бір бос жолдан соң*) курсив таңбамен автор туралы ақпарат беріледі,

4.Ені бойынша теңестіру: аты-жөні, тегі, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, қызметі, жұмыс орнының толық атауы, е- mail (шрифт өлшемі —12). Егер авторлар бірнеше болса, арқайсысы туралы жеке- жеке ақпарат жазылады.

5.Келесі жолдан негізгі мәтін беріледі (бір бос жолдан соң).

**Жұмыстың рәсімделу үлгісі:**

**БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ**

***Бексұлтанова Ақжарқын Төленқызы***
***Алматы автомбиль және сән индустриясы колледжінің тарих (арнайы пән) оқытушысы***

Мәтін ...

Әдебиеттер тізімі

1.Формулалар тек қосымшада беріледі — формула редакторы (Microsoft Equation). Кестелер мен диаграммаларда жалпыланған зерттеу материалдары болуы керек. Суреттер тусінікті жане қабылдауга жеңіл турде жасалуы керек.Суреттердің атаулары мен нөмірлері суреттің астында, кестелердің атаулары мен нөмірлері кестенің үстінде көрсетілуі керек. Мәтіндегі суреттер мен кестелерге сілтеме көрсетілуі керек.

2.Сілтемелер мен әдебиеттер тізімі жұмыс мәтінінің соңында көрсетіледі.

3.Жұмыста қолданылатын суреттер jpg, gif, bmp форматында болуы керек;барлық суреттер мен кестелер нөмірленіп, атаулары жазылады. Библиографиялық тізімге сілтемелер мемлекетаралық стандартқа сайкес (егер бірнеше дереккөздер болса, үтірмен жазылады) тік жақшада [Библиографиялық жазба] деп беріледі. Дәйектеме (цитата) қолданған жағдайда міндетті түрде түпнұсқаның парағы көрсетілген болуы шарт, мысалы (1, 256 бет).

7. **Қорытындылау, қатысушыларды марапаттау**

7.1. Педагогикалық оқулардың қорытындысы төмендегідей шығарылады:

-әр бағыт бойынша жеңімпаздар анықталады:

**1-орын-1 қатысушы;**

**2-орын-2 қатысушы;**

**3-орын-3-тен 5 қатысушыға дейін**

.

7.2. Жеңімпаздар I,II,III дәрежелі дипломдармен марапатталады.

7.3. Барлық қатысушыларға Педагогикалық оқуларға қатысқаны туралы сертификаттар беріледі.

7.4.Педагогикалық оқулардың қорытындылары бойынша қатысушылардың жұмыстары енгізілген материалдар жинағының электрондық форматы қалыптастырылады. Педагогикалық оқулардың қатысушылары «**PDF**» форматындағы материалдар **жинағын** алатын болады.

Әдістемелік кеңес отырысында

қаралып, мақұлданды
Хаттама № 5    «10» ақпан 2025 жыл

Педагогикалық оқуларды ұйымдастыру және өткізу ережесіне

№1 қосымша

**Алматы автомобиль және сән индустриясы колледжі өткізетін**
**Педагогикалық оқулар байқауына қатысуға**
**ҰСЫНЫМ**

| № | Автордың аты-жөні (толық) | Лауазымы, | Жұмыс тақырыбы | Байланыс телефоны | Электронды поштасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бағыт атауы | | | | |
| 1 | | Тарих (Арнайы пән) пәнінің оқытушысы | | | |
| 2 | | | | | |